

Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік сараптау туралы ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 18 қазандағы N 1288 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 8 ақпандағы № 87 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.02.08 № 87 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

"Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 27 қаңтардағы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді: Z100291 қараңыз

Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік сараптау туралы ережесі бекітілсін.

Ескерту. Кіріспеге өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 18 қазандағы

N 1288 қаулысымен

Бекітілген

Қазақстан Республикасының жер қойнауын мемлекеттік сараптау ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Тақырыбына өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

1. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы - пайдалы қазба қорлары туралы, сондай-ақ жер қойнауын пайдалану кезінде оларды қолдану мүмкіндігіне арналған жер қойнауының басқа қасиеттері туралы ақпараттың кешенді

с а р а п т а м а с ы .

2. Барланған кен орнының пайдалы қазба қорлары мемлекеттік сараптауға жатады, бұл жер қойнауын тиімді және кешенді түрде пайдалану, пайдалануға берілген жер қойнауларын пайдаланғаны үшін төлем құны мен жер қойнауы учаскелерінің шекарасын белгілеу үшін жағдайлар жасау мақсатында жүргізіледі .

3. Жер қойнауын пайдалану құқығы пайдалы қазба қорлары мемлекеттік сараптамадан өткізілгеннен кейін беріледі. Барланған пайдалы қазба қорларын әзірлеудің экономикалық тиімділігі туралы мемлекеттік сараптама қорытындысы оларды мемлекеттік балансқа қою үшін негіз болып табылады.

4. Мемлекеттік сараптамаға өндіруге байланысты емес, жер асты ғимараттарын салу және пайдалануға жарамды жер қойнауының учаскелері туралы геологиялық ақпарат жатады. Жер қойнауының мұндай учаскелерін жер қойнауын пайдалануға беруге геологиялық ақпаратқа мемлекеттік сараптау жүргізгеннен кейін ғана рұқсат етіледі.

5. (а л ы н ы п т а с т а л д ы)

Ескерту. 5-тармақ алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

6. Жер қойнауын мемлекеттік сараптаудың негізгі мақсаты пайдалы қазбалар қоры және жер қойнауының қасиеттері туралы ақпараттар бар материалдарды, оларды тиімді пайдалану үшін талдау және бағалау болып т а б ы л а д ы .

7. Өзінің басты міндетіне сәйкес жер қойнауының мемлекеттік сараптамасы: пайдалы қазба қорларының көлемі, сапасы, құрамы, технологиялық және өзге де қасиеттері туралы, сондай-ақ жер қойнауының өзге де ерекшеліктері туралы мәліметтердің с е н і м д і л і г і н ;

геологиялық кен-техникалық, гидрогеологиялық, инженерлік-геологиялық, экологиялық (мемлекеттік экологиялық сараптаманың оңды қорытындысына сәйкес), техникалық-экономикалық және пайдалы қазбаларды өндірудің шарттары мен өндіруге байланысты емес мақсаттарда жер қойнауының учаскелерін пайдалану жөніндегі өзге де мәліметтердің толықтығы мен с е н і м д і л і г і н ;

әзірлеудің экономикалық тиімділігінің техникалық-экономикалық негіздемесін, пайдалы қазбалар шығарудың коэффициенттерін, минералдық-шикізат базасын кеңейту жөніндегі қорытындылар мен ұсыныстарды, қорлар мен жер қойнауы учаскелерінің пайдалануға дайындық д ә р е ж е с і н ;

жер қойнауын геологиялық зерделеу және бағалау бойынша іздеу, барлау, тәжірибе-пайдалану және өзге де жұмыстардың нәтижесі мен сапасын бағалайды

8. Геологиялық сараптама геологиялық зерделеудің және жер қойнауын игерудің кез келген сатысында мемлекеттік сараптамаға берілетін геологиялық материалдар пайдалы қазба қорларының саны мен сапасына немесе жер қойнауын пайдалану шарттарына әсер ететін жер қойнауының қасиеттеріне объективті баға беруге мүмкіндік береді деген шартпен жүргізіледі.

9. Жер қойнауын мемлекеттік сараптауды Пайдалы қазбалар қорлары жөніндегі мемлекеттік комиссия (бұдан әрі - ҚМК) жүзеге асырады.

Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

9-1. Жер қойнауын пайдалануға құқығы бар жеке немесе заңды тұлға жер қойнауын геологиялық зерделеу және игеру бойынша орындалған жұмыстар туралы материалдарды есеп нысанында ҚМК-ның қарауына ұсынады.

Ескерту. 9-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

9-2. Сараптама тәуелсіз сарапшылар мен сарапшы топтар тартыла отырып, материалдар ҚМК-ға ұсынылған сәттен бастап үш айға дейінгі мерзімде жүргізіледі.

Ескерту. 9-2-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

9-3. Егер ҚМК теріс қорытынды берген жағдайда жер қойнауын пайдаланушының ҚМК-нің хаттамасында жазылған ескертулер мен ұсынымдарды ескере отырып, оларды қайта өңдеу шартымен, материалдарды қайталама сараптамаға беруге құқығы бар.

Ескерту. 9-3-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

10. Пайдалы қазбалар кен орындарын зерделеуді және игеруді жеделдету мақсатында әлеуметті коммерциялық объектінің қорларын жедел санау материалдарына алдын-ала сараптама жүргізуге рұқсат етіледі. Дұрыс баға жағдайында пайдалы қазбалар қорлары мемлекеттік балансқа қойылады және жер қойнауын пайдаланушы барлау процесінде сараптамаға кейіннен қорытынды есеп беру шартында объектіге тәжірибелік (сынақтық) пайдалануды жүргізуге құқық алады.

11. Сараптамаға берілетін геологиялық, сонымен қатар пайдалы қазба қорлары туралы ақпараттарға қойылатын талаптарды геология және жер қойнауын пайдалану жөніндегі өкілетті орган белгілейді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

12. Жер қойнауының мемлекеттік сараптамасының нәтижелері ПҚМК

хаттамаларымен ресімделеді, онда пайдалы қазба қорларын бекіту туралы, қорларды санаттар бойынша бөлу, қатты пайдалы қазбалардың көлемі мен оны тәжірибелік пайдалану мерзімі пайдалы қазбалар мен компоненттерді шығару коэффициенті, пайдалы қазба қорларын есептен шығару, жер қойнауы туралы ақпаратты өнеркәсіптік ғылыми және басқа мақсаттарда қолдану мүмкіндігі туралы мәліметтер көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 968 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК